

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті
Қазақ тілі білімі кафедрасы



**«ҚАЗАҚ ТІЛІ БІЛІМІ:
ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ПАРАДИГМАЛАР
ЖӘНЕ ЛИНГВОДИДАКТИКА»**

атты республикалық ғылыми-әдістемелік
конференция материалдарының жинағы



Алматы, 2014

УДК 811.512.122 (063)

ББК 81.2 Қаз.

Қ 17

*Баспаға филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің
Ғылыми кеңесінің шешімімен ұсынылды*

Редакциялық алқа

Жұмағұлова А.Ж., ф.ғ.к., доцент

Әлімтаева Л.Т., ф.ғ.к., аға оқытушы

Күркебаев К.Қ., ф.ғ.к., доцент

Өмірбекова Р.Қ., ф.ғ.к., доцент

Рамазанова Ш.Ә., ф.ғ.к., доцент

Қ 17 «Қазақ тілі білімі: лингвистикалық парадигмалар және лингводидактика» атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. – Алматы, 2014. – 264 б.

ISBN 978-601-04-0942-2

Жинақта қазақ тіл біліміндегі қазіргі басымдықтары мен жаңа бағыттар, тілді зерттеудің функционалдық ерекшеліктері мен тілді кәсіби бағдарлы оқытудың теориялық аспектілері талданып, ғылыми пайымдаулар жасалады.

Жинақ филолог ғалымдарға, филология факультетінің студенттері мен магистранттарына, PhD докторанттарына, сонымен бірге тіл білімінің мәселелеріне қызығушылық танытатын оқырмандарға арналған.

Мақала мазмұнына автор жауапты.

УДК 811.512.122 (063)

ББК 81.2 Қаз.

© «Қазақ тілі білімі: лингвистикалық парадигмалар және лингводидактика» атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары, 2014
© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2014

ISBN 978-601-04-0942-2

МАЗМҰНЫ

ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР

<i>Әлкебаева Д.</i> Қазіргі функционалды грамматика: кеңістік категориясы	5
<i>Қадашева К., Асанова Ұ.О., Омарова С. Қ.</i>	
Оқу сөздіктерінің тілүйренімдегі орны	13
<i>Сағындықұлы Б.</i> Түркі тілдеріндегі ілік септігінің даму тарихы	21
<i>Салқынбай А.Б.</i> Мәтін мәнінің кілті	31
<i>Смағұлова Г.Н.</i> Неологизмдердің лингвистикалық ерекшеліктерін талдау мен оқыту	37
<i>Шалабай Б.</i> Синтаксисті зерттеудегі көзқарастар	45

І СЕКЦИЯ

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ҚАЗІРГІ БАСЫМДЫҚТАР МЕН ЖАҢА БАҒЫТТАР: МӘДЕНИАРАЛЫҚ ҚАТЫСЫМ, ТІЛДІ ЗЕРТТЕУДІҢ КОГНИТИВТІК, ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНЫМДЫҚ, СОЦИОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫ ЗЕРТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

<i>Аймурзаев Ф.</i> Тілдік құрылымның функционалды классификациясының жіктелуі және оның типтері	54
<i>Айхынбаева Ұ.</i> Қазақ терминографиясы – қазақ тілі терминдерін реттеуші механизм	57
<i>Амантай Т.</i> Қазақ тіліндегі соматикалық фразеологизмдердің валенттілігі	62
<i>Әлімхан А.Ә.</i> Әдеби ономастика: өзектілігі мен маңызы	66
<i>Аширова А., Өмірбекова Р.Қ.</i> Есімшелі құрылымдардың тілдік табиғаты	72
<i>Балгабаева Ә.</i> Қазіргі қазақ тіліндегі сын есімдердің қолданылу аясы мен құрамында келетін түстердің атқаратын қызметтері	80
<i>Баялиева Г.Ж., Сарышова К.С.</i> История развития категории имени прилагательного в тюркских языках	85
<i>Бисегалиева Назира.</i> Балалар әдебиетіндегі лингвокогнитивтілік	90
<i>Ермағамбетова Л., Абдрахманова Ж.</i> Жай сөйлемді оқытудың лингвистикалық негіздері	94
<i>Оразбаев Қ.М., Кенеханов Е.Т.</i> Бауыржан Момышұлының қазақ тілі туралы пікірі	99
<i>Құдасова А.Т.</i> Дәстүрлі күрделі атаулардың мотивациясы (уәжділігі)	105
<i>Құлжанова Б.Р.</i> Байырғы сөз мағыналарының кеңеюі	110
<i>Мамаева М.</i> Сөйлемнің бастауышы мен баяндауышын танудағы қиындықтар, оларды шешу жолдары	118
<i>Мәнкеева Айгерім.</i> Түр-түстердің ассоциациялануы	121
<i>Мухтарова Ш.М.</i> Тілдік тұлға мәселесінің зерттелуі	127
<i>Рахышева А.</i> БАҚ-тағы троптың когнитивтік сипаты	131

<i>Сейдімханова Т.Б.</i> «Сөз мәдениеті және тілдік қарым-қатынас» пәнін оқыту арқылы студенттердің сөйлеу шеберлігін арттыру жолдары	138
<i>Тайженова Д.</i> Қазақ әдеби тілі – өміршен тіл	142
<i>Тасымов А.</i> Диалектологияның кейбір мәселелері	146
<i>Әлімтаева Л.Т., Тұрсын Ш.К.</i> БАҚ-тағы компаративтіліктің салыстырмалы дәрежесі	148
<i>Шыныбекова А.К., Нұртазина А.Ө.</i> Ұғымдар атауын ұлт тілінде қалыптастыру мәселелері	154

II- СЕКЦИЯ
ТІЛДІ КӘСІБИ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ

<i>Абдуова Б.С.</i> Қазақ тілін оқытудағы дәстүрлі жүйе мен инновациялы технологиялар сабақтастығы	164
<i>Ақымбек С.Ш.</i> Орфоэпиялық нормалардың негізгі принциптерін меңгерту жолдары	170
<i>Әміров Ә.Ж.</i> Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған терминдердің әдістемелік ерекшеліктері	176
<i>Егізбаева Н.Ж., Рамазанова Ш.Ә.</i> Жаңа оқыту технологияларын жазылым әрекетінде қолдану	183
<i>Ешитаева Н.А., Халенова А.Р.</i> Жоғарғы оқу орнында жобалық әдіс тұлғаға бағытталған технология ретінде	187
<i>Жұмағұлова А.Ж.</i> «Оқыту мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясының кейбір ерекшеліктері	193
<i>Жусанбаева С.Б.</i> Мұғалімнің кәсіби шеберлігі және педагогикалық техника	201
<i>Иманалиева Ф.Қ.</i> Интербелсенді оқыту әдістері - бүгінгі күн талабы	205
<i>Иманқұлова С.М.</i> Білім беру жүйесіндегі тілді меңгерту әдістерін саралау	213
<i>Күркебаев К.</i> Мемлекеттік тілді меңгертудегі коммуникативтік құзырет түрлерінің ролі	219
<i>Қарабаева Х.Ә.</i> Тілдік қарым-қатынас – ғылым, білім, кәсіби машық және қоғамдық тұрақтылық кепілі	224
<i>Мұхамбетұлы Серік.</i> Студенттер бойындағы ұлттық сана-сезімді қалыптастыру	227
<i>Омарова Б.А.</i> Оқулықтар – кәсіби тілді үйретудің маңызды құралы	232
<i>Өмірбекова Р.Қ., Аширова А.</i> Заманауи білім беру үдерісінің басты талабы – кәсіби-бағдарлы қазақ тілін оқыту	239
<i>Рысбай Б.Қ.</i> Мәтінді мамандықпен байланыстыра оқытудың тиімді жақтары	242
<i>Саткенова Ж.Б.</i> Тілдік талдау ұстанымдарының әдістемелік сипаты	247
<i>Шакирова Д.</i> Тілді үйретудегі мәдениаралық қатысымның маңыздылығы	253
<i>Шыныбекова А.К.</i> Заң саласында кәсіби сөздерді оқыту және аудару мәселелері	256

ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР

**ҚАЗІРГІ ФУНКЦИОНАЛДЫ ГРАММАТИКА:
КЕҢІСТІК КАТЕГОРИЯСЫ**

Әлкебаева Д., ф.ғ.д., ҚазҰУ-дың профессоры

Функционалды грамматиканың ғылыми негізінің қалануына әр кезеңдігі ғылыми ойлар мен тұжырымдар өз нәтижесін беріп отырды. Атап айтқанда А.А. Потемняның «тілді зерттеудің грамматикалық концепциялары», В.В. Фортунатовтың «тілді функционалды тұрғыдан зерттеу, тіл және оның функциясы қоршаған ортамен байланыс арқылы қарастырылады», А.А.Шахматовтың «сөздегі ойлау тәсілдері» деген ғылыми тұжырымдары функционалды грамматиканы зерттеудің алғышарттарын жасады [1. 2.3]. Жалпы грамматиканы зерттеу белгілі уақыттарда тұйықталған шеңбер аясынан аса алмады. Сондықтан тілде кең қолданылатын сөйлеу контекстеріне назар аудармастан құрылымдық және жүйелік заңдылықтарға балама сипаттама табудың мүмкін еместігі айқын болды. Тіршіліктің табиғи ортасы – сөйлеу қызметіне ешқандай ауыртпалықсыз еніп, тілді әлеуметтік және жеке жағдайлардан дербес етіп, белгісіз бір абстрактілік феномен ретінде қарастыра отырып, құрылымдық лингвистика саласы жасанды дерексіз, ойша жору құрылымына түсіп кетуге тәуекел еткен еді. Осыған байланысты тіл феноменін екі түрлі көзқарас тұрғысынан, интерпретацияның жинақталған түрлі тәсілдері мен әдістерінің нәтижесінде белгілі бір объектінің кейбір белгісіз жақтарын тереңірек анықтайтын аралас көзқарас тұрғысынан қарау қажеттігі күннен күнге айқындала түсті. Зерттеушілер функционалды грамматика саласын қарастырудың жаңа міндеттері алға қойылғандығын үлкен жауапкершілікпен қабылдады.

Жалпы функционалды грамматиканың ұғымдары мен категорияларын шартты түрде үлкен екі топқа бөліп қарастыру керек. Олар – кеңістік пен уақыт ұғымдары. Сондықтан ең алдымен жалпы уақыт және кеңістік ұғымдарының мәнін ашып алу керек. Өйткені функционалды грамматиканың барлық ұғымдары философиялық озық ой-танымдардың жемісі ретінде осы ғылым саласының концептуалды жүйелігіне негізделген болатын.

Сонымен, «Оқыту мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясына сипаттаманы мына кесте арқылы беруге болады.

Оқу құрылымының үш кезені	Оқытудың белсенді әдістері	Сабаққа қойылатын талаптар
1-кезең. Қызығушылығын ояту. Миды ояту, талпыну, іздену басым болады	* Бағдарламалық оқыту * Проблемді оқыту * Пікірталас әдістері * Дөңгелек үстел * Іс ойыны * Миға шабуыл * Тренингтер	* Сабақтың мақсатын оқушылардың өзі анықтауы * Проблемалық сұрақтарды шешу * Жек-жүппен-топпен жұмыс жасай алу * Жаналық қосып, басқаша шешім қабылдай алу * Тапсырманы шығармашылық жолмен орындау * Өзін-өзі бағалау
2-кезең. Мағына тану. Жаңа ақпаратпен танысу, мағына тану, түртіп алу әлісі ақпараттық құралы, өнер қойылымдары, техникалық құралдар.		
3-кезең. Ой-толғаныс. Ойын жинақтап, қорытындысын шығару		

«Оқыту мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясын кез келген пәнді оқыту барысында пайдалануға болады. Бұл жерде ең қажеттісі – оқытушының сабақты ұйымдастыра білу шеберлігі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. С.И. Заир-Бек, И.В. Муштавинская. Развитие критического мышления на уроке: Пособие для учителя. М: Просвещение, 2004.
2. И.О. Загашев, С.И. Заир-Бек. Критическое мышление: технология развития. Пособие для учителя – СПб; Альянс «Дельта», 2003.
3. Е.М. Еремеева. Технология развития критического мышления через чтение и письмо при обучении русскому языку. Интернет материал.
4. А.Ш. Мұхаметжанова. «Оқыту мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясын қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында тиімді қолдану жолдары. Мақала. Интернет материал.
5. Д.Ж. Кішібаева. Жаңа педагогикалық технологиялар. Оқу құралы. Түркістан қ. А. Яссауи атындағы ХҚТУ, 2010.
6. <http://www.ct-net.net/ru/rwct-tcp-ru>

Резюме

Автор в статье «Некоторые особенности технологии развития критического мышления через чтение и письмо» рассказывает о технологии и принципах развития критического мышления на уроках. Автор сопоставляет роль учителя и ученика в организации традиционного обучения и технологии развития критического мышления. Так же в статье раскрываются принципы организации осмысленного обучения, пути его создания и роль учителя в этом процессе.

МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНИКА

Жусанбаева С.Б., ф.ғ.к.,
қазақ тілі білімі кафедрасының доценті,
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ

Мұғалімнің кәсіби шеберлігі ең бірінші, педагогтің жеке тұлғасының гуманистік бағынынан, яғни оқушыны дамыту үшін педагогикалық үдерісті ұйымдастыруда оған берілетін білім мазмұнын, білімді меңгерудің әдіс-тәсілдерін іріктеуінен құралады.

Мұғалім шеберлігі оның кәсіби біліміне байланысты. Бұл педагогикалық шеберліктің негізі. Кәсіби білімнің мазмұны: оқытатын пәннің мазмұнын білуінен, білімінен оқушыларға жеткізу үшін қолданылатын жалпы дидактикалық және әдістемелік құралдарды меңгеруінен, педагогика мен психологияны терең білуінен тұрады. Педагогика мен психологияны білу арқылы іс-әрекетті, фактілерді, құбылыстарды психологиялық тұрғыдан нақты талдап, оқушыларға педагогикалық әсер ету мүмкіндігіне ие болады. Кәсіби білімнің маңызды көрсеткіші- олардың кешенділігі, ғылымилығы, жан-жақты негізділігі (әдіснамалық, теориялық және технологиялық деңгейлерде қалыптастыру), мұғалімнің жеке тұлғасына тәуелділігі.

Кәсіби шеберліктің үшінші көрсеткіші – педагогикалық қабілеттің жақсы дамуы (қарым-қатынас жасауы, оның эмоционалдық тұрақтылығы, болашаққа сенімділігі, ерекше ойлау білу қабілеті, қиындақтан жол таба білу және т.б.). Осы қабілеттердің барлығы педагогикалық шеберлікті жылдам жетілдіруді қамтамасыз етеді.

Педагогикалық шеберліктің төртінші элементі – педагогикалық техника.

Педагогикалық техника- мұғалімнің іс-әрекетін ұйымдастырудың формасы. Педагогикалық техника екі түрлі біліктіліктен құралады.

Бірінші топты құрайтын біліктілікке педагогтің өз іс-әрекетін басқаруы кіреді: өзінің денесін меңгеруі (пластика, мимика, әр түрлі ым-ишараттар); өзінің көңіл-күйін меңгеруі (сабақта шығармашылық атмосфераны, жағдайды жасау); әлеуметтік –перцептивтік қабілет (назар аудару, бақылау, елестету); сөйлеу мәдениеті мен техникасы (дауыстың тембрі, ырғағы) т.б.

Педагогикалық техниканы құрайтын екінші топ- ұжымға, жеке тұлғаға әсер ету, біліктілігіне байланысты. Бұлар өз кезегінде оқу-тәрбие үдерісінің технологиялық жағдайын ашады: мұғалімнің дидактикалық, ұйымдастырушылық, қатысымдық біліктілігі, педагогикалық қарым-қатынасты меңгеру, оқу іс-әрекеті мен ұжымдық шығармашылық жұмыстарды және т.б. ұйымдастыру біліктілігі.

Педагогикалық техника мұғалім іс-әрекетінің ішкі мазмұны мен оның сыртқа көрінуінің үйлесімді бірлігіне ықпал етеді. Педагогикалық техниканы жетілдіріп отыру – педагогтің кәсіби шеберлігіне апарар жол.

Педагогикалық шеберліктің төмендегідей талаптарын айтуға болады:

- ұйымдастыру, әсер ету және т.б. бағыттары бойынша мақсат қоя білуі;
- оқушылардың білімі, тәрбиелік деңгейі бойынша өнімді нәтижеге жетуі;
- ең жақсы құралдарды таңдауы;
- өз іс-әрекетінде шығармашылықты басшылыққа алуы.

Оқу-тәрбие үдерісі бірінен-бірі ажырамайтын, қатар жүретін іс-әрекет. «Тәрбиесіз берілген білім- адамзаттың қас жауы» деген Әл-Фарабидің қанатты сөзі бүгінгі күні де өзінің өзектілігін жояған жоқ. Тәрбие жұмысын жоспарлау – шығармашылық үдеріс. Жеке тұлғаны, ұжымды тәрбиелеуде психология мен педагогиканың ғылыми негіздерін шығармашылықпен меңгеруді қажет етеді.

Қазіргі жоғары оқу орындарында, мектептерде оқушылардан білім технологияларын пайдалануды талап етеді. Педагогика ғылымының докторы В.В.Гузев білім технологияларын құрайтын кешенді ұсынады:

- оқыту нәтижелерін жоспарлауды алдын-ала болжалдай алу;

- білім алушылардың жағдайларын диагностикалау құралдары;
- оқыту модельдерінің жиынтығы;
- нақты жағдайлар үшін ең ыңғайлы модельді таңдау өлшемдерінің болуы.

Оқыту моделі ұғымы сабақты ұйымдастыру формасы, белгілі бір оқыту әдістерінен тұрады. Педагогикада оқытуды ұйымдастыру формасының өлшемдері әр түрлі: оқушылардың санына байланысты топтық, жеке, ұжымдық болады.

Мұғалім сабақты өткізуде оқытудың белгілі бір әдістерін пайдаланады. Педагогика әдістерінің бірнеше жіктелімін ұсынады. Танымдық іс-әрекеттің сипаты бойынша көрнекілік – түсіндіру, проблемалық, бағдарламаланған, ішінара ізденіске құрылған, зерттеушілік әдістер деп бөлінеді. Бұдан басқа мұғалім сабақта оқытудың әр түрлі тәсілдері мен құралдарын пайдаланады. Сонымен, оқыту моделі оқытуды ұйымдастырудың формасынан, оқыту әдістерін қолданудан, тәсілдер мен құралдарды пайдаланудан құралады.

Оқыту ұйымдастырудың формасы мен әдістерін дидактика қарастырып, оларды дайын күйінде мұғалімдерге ұсынады. Мұғалімнің педагогикалық техникасы мен кәсіби шеберлігі – үнемі жетілдіріп отыруды талап ететін үдеріс. Мұғалім өз жұмысының нәтижесін жоғарылату үшін білім технологияларын пайдаланып қана қоймайды, сонымен қатар өзінің педагогикалық шеберлігі мен педагогикалық технологиясының барлық мүмкіндіктерін көрсету қажет.

Сабақтың әрбір құрылымдық бөлшегі мұғалім санасынан өтіп, оқушылардың қабылдау әсері, қызығушылығы және т.б. есепке ала отырып, нақты оқушыларға бағытталып, сабақ жоспары жазылғанда ғана мұғалімнің шығармашылық мүмкіндігі ашыла бастайды. Дидактикада оқытудың мақсатын нақылдау арқылы нәтижеге бағыттап, оқытудың маңыздылығын көрсетті. Оқыту барысында оқушы білімін диагностикалап отырудың қажеттілігі туындады. Бұлар өз ретінде оқытуды ұйымдастыруда деңгейлік қатынасты алып келді. Сабақты жобалауда мұғалім мектептің техникалық жабдықталуы, өзінің мүмкіндігі мен өзінің оқыту ерекшелігін ескереді. Сабақты өткізу мен ұйымдастыруда жетістікке жету мұғалімнің қабілетіне тәуелді.

Оқытудың нәтижелі болуының тағы бір себебі – үнемі қайталап отыру қағидасын пайдалану. Белгілі педагог К.Д.Ушинскийдің пікірінше, оқушылар жаңа материалмен бастапқы танысуда кем дегенде екі рет қайталауы қажет десе, В.Ф.Шаталовтың пікірінше 5-6 рет

қайталануы керек дейді. В.Ф.Шаталов жүйесінде бұл принципті жүзеге асыру төмендегіндей жүреді:

- мұғалімнің жаңа материалды түсіндіруі;
- тірек сызбалар бойынша бұл материалды қысқаша мұғалімнің қайталауы;
- оқушының үйінде тірек сызбалардың көмегімен оқулық бойынша қайталауы;
- оқушының сабақта тірек сызбаларды қайтадан есіне түсіруі;
- өзара бақылау, сыныптың бір жартысы жаңа материалды әңгімелегенде, екінші жартысы тыңдайды;
- тақта алдында ауызша жауап беру, басқа оқушылар жауапты тыңдайды.

Жаңа материалды қайталап отыру екі-үш сабақ өткеннен кейін де жүргізіліп отырылғаны қажет. Оқушыларды алдын ала ескертіп, олардың қайталап дайындалуын талап етіледі. Берілген жаңа материалды айына бір рет, кейін екі айда бір рет және т.с.с. қайталап отырылады.

Оқу жылының басында өткен оқу жылдағы материалдар қайталанылады. Себебі оқушалар олардың көбін ұмытып қалады. Оның ешқандай өрескелдігі жоқ, себебі ұмыту табиға құбылыс. Қайталанбаған материал санадан шығып ұмытылады.

Сабақтың жағымды эмоционалдық-интеллектуалдық аясын жасау кез келген мұғалім үшін маңызды: берілген жаңа материалдың мазмұнын қызықты ақпаратпен толықтыру; сабақты ашылған жаңалықтардың көмегімен байыту; белгілі адамдардың өмірінен қызықты деректер беру; адам миының мүмкіндіктері туралы және оның шығармашылық ізденіске шабыттандыру; оқушылардың шығармашылық жұмысқа шеберлікпен бағыттау тәсілдерін пайдалану; мұғалімнің оқу материалына үлкен әсермен баяндау формасын табу.

Мұғалімнің өзін - өзі жетілдіру, ізденуінің жолдарының бірі-сабақта өзін-өзі бақылау.Өзін талдап бақылауы арқылы мұғалім сабақта өзін-өзі басқару мен өзін жетілдірудің қуатты қаруына ие болады. Табысты іс-әрекеттің (сабақ берудің) амалдарын саналы түрде меңгереді, ал өз кезегінде еңбектен қанағаттанарлық сезімді туғызады, мұғалімнің рухани күш-қуатын байытады, оны шығармашылық жұмысқа бастайды. Педагогтің өзін-өзі моральдік жетілдіруге ұмтылуы – кәсіби тұрғыдан табысқа жетудің шарты. Бұл рухани моральдік ұмтылуы жоғалған кезде мұғалімнің шығармашылық тұрғыдан өсуі, өзінен-өзінің көңілінің толмауы, кәсібіне деген немқұрайлық пайда болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Гузев В.В. чешская техника в контексте образовательных технологий. М.: Народное образование, 2001.
2. Лизинский В.М. Приемы и формы в учебной деятельности. М.: Центр «Педагогический поиск», 2004.

Резюме

В статье рассматривается профессиональное мастерство и педагогическая техника

ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ - БҮГІНГІ КҮН ТАЛАБЫ

*Иманалиева Ғ.Қ., қазақ тіл білімі кафедрасы,
профессоры м.а., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Тірек сөздер: білім беру, құрылымдық әдіс, функционалдық әдіс, интербелсенді әдіс.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев «XXI ғасырда білімді дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Біздің болашақтың жоғарғы технологиялық және ғылыми қамтылған өндірістері үшін кадрлар қорын жасауымыз қажет. Осы заманғы білім беру жүйесіңіз әрі алысты барлап, кең ауқымды ойлай білетін осы заманғы басқарушыларсыз біз инновациялық экономика құра алмаймыз», [1]- деп атап көрсетті. Елбасы атап көрсеткен осындай талаптар бүгінгі таңда білім беру жүйесіне соны өзгерістер енгізді. Оқу үдерісінде студенттің тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқу технологияларын ұтымды қолданысқа енгізу қазіргі білім беру парадигмасында білім алушыға тұлғалық-әрекеттік тұрғыдан қарауға үлкен мән беріп отыр. Қоғамдағы түбегейлі өзгерістер білім беру жүйесінің алдына креативті ойлайтын жаңа адамды қалыптастыру, дамыту мақсаттарын қойып отыр. Бүгінгі күн талабы - студенттердің ойлау қабілетін дамыту, ой-пікірінің дербестігі мен еркіндігін кеңейту, олардың өз бетімен білім алуға деген ынтасын арттыру, алған білімдерін өз тәжірибелерінде жан-жақты қолдана алу, бәсекеге қабілетті, білікті маман қалыптастыру және дамыту. Әрбір жеке тұлғаның ерекшелігін ескере отырып, білімділігіне сәйкес бағдар беру, танымдық ізденімпаздығын дамыту - оқытудың негізгі ұстанымы

**«ҚАЗАҚ ТІЛІ БІЛІМІ:
ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ПАРАДИГМАЛАР
ЖӘНЕ ЛИНГВОДИДАКТИКА»**

атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференция
материалдарының жинағы

Басуға 15.11.2014 жылы қол қойылды.
Пішіні 60x84 1/16. Көлемі 16,5 б.т. Шартты б.т. 17,5
Тапсырыс № 923. Таралымы 500 дана
ТОО “LEADER BOOK”
Райымбек данғылы, 212А